

УДК 340

## **ЦИФРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ТҰТАСТЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ОРНЫ**

Оспанова Айдана Нургалиевна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті (oan11@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің профессоры, з.ғ.д.

Ибрагимов Жамалден Ибрагимович

(zhamaladen@mail.ru)

Қазіргі заманғы технологиялар саласындағы жетістіктер қоғам, экономика және қоршаған орта туралы деректердің үлкен көлеміне жылдам қол жеткізуге әкелді. Ақпараттық технологиялар мен ақпараттың үлкен көлемін өңдеу құралдарын ашатын мүмкіндіктерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қоса алғанда, қоғамдағы түйінді проблемаларды шешу үшін пайдалануға болады.

Мұндай құралдардың пайда болуы сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, алдын алу және талдау әдістері арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ілгерілету үшін үлкен әлеует пен перспективаға ие.

Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесін цифрландыру, оның ашықтығын арттыру – бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қуатты факторы. Қоғам өмірінің барлық жақтарын цифрландыру бүгінгі таңға тән белгілердің бірі.

Қоғамның ең өткір проблемаларының бірі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу міндеті болып табылады, оны азаматтық қоғамның қатысуынсыз шешу мүмкін емес. Өйткені қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық және басқа да қызмет салаларына қатысуы тиіс болғандықтан, жастардың сыбайлас жемқорлықты қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің құндылықтарымен мүлдем үйлеспейтін құбылыс ретінде қабылдамауы, оларда

сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сананы қалыптастыру мемлекеттің өзекті міндеттері қатарына қойылып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты шаралар жүйесі іске асырылып, еліміздің көптеген бағдарламалық құжаттарында негізге алынатын басымдылықтар ретінде қолданылғанмен, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді саясатын одан әрі жетілдіру, оны жүзеге асыру мәселелері мемлекетіміз үшін өте өткір, манызды болып қалуда.

Мемлекеттік қызметшілердің ашықтығы сыбайлас жемқорлық көріністерін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің тиімді әдістерінің бірі – мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілердегі ашықтығы болып табылатындығын мемлекет басшысы Қ. Тоқаев айтып кеткен болатын. Сондай-ақ, ол «Қазақстан технологиялық серіктестік орнату, мәлімет орталықтарын құру және орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін ашық юрисдикция ретінде өзіндік брендке айналуы тиіс» деп Жолдауында көзделген..

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында әлеуметтік саланы, соның ішінде мемлекеттік қызметті, кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу ұсынылды [2].

Цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығын және олардың сыбайлас жемқорлықты төмендетудегі ролін атап өту қажет. IT-құралдарын қолдану есебінен мемлекеттік институттар қызметінің ашықтығын күшейту және азаматтардың жария қаржылық басқаруға қол жеткізуі қамтамасыз етіледі. Ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін зерделеп, елде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, ол бес негізгі бағыттан тұрады: адами капиталды дамыту, Инновациялық экожүйені құру, Цифрлық мемлекетке көшу, Цифрлық Жібек жолын іске асыру, экономика салаларын цифрландыру.

Ең бастысы жаңа технологияларға көшуді жоққа шығармағанымыз жөн. Және біз заманауи технологияларды күнделікті жұмысымызға кіріктіру қажеттілігін тез түсінеміз. Дамыту қажет негізгі құзыреттілік, тұрақты оқуға қабілеттілік, жаңа пайда болатын технологиялар бойынша үнемі жаңа білімді меңгеруге дайын болу. Бұл заманауи сандық әлемде табысты кәсіби өсу үшін негізгі фактор.

Адалдық, ашықтық, жауапкершілік, есеп берушілік – жай ғана сөз емес. Бұл-сыбайлас жемқорлықтан бос қоғамның басты құндылықтары.

Бүкіл қоғам көлемінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы менталитетті қалыптастыру ұзақ мерзімді процесс. Бірақ жеке деңгейде біз оны өте тез жасай алады. Ең бастысы мақсат пен ерік.

Азаматтық қоғам неғұрлым ашық және белсенді болып келеді. Арнайы мониторингтік топтар мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестермен бірге қоғамдық бақылау және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту тұрғысынан елеулі үлес қосуда.

Мемлекет тарапынан мемлекеттік қызметтерді алуға қолайлы жағдай жасау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Ыңғайлы фронт-кеңселері бар сервистік әкімдіктер ашылуда. Мемлекеттік мекемелер жұмыс істейтін пішімде open space енгізілуде.

Digital Agent және Ашық бюджеттердің интерактивті картасы кез келген қазақстандыққа мемлекеттік сервисті жақсартуға және бюджеттің шығыс бөлігін, жол салу, жөндеу сапасын ұялы телефон арқылы бақылауға теңдессіз мүмкіндік береді.

Бизнес-қауымдастық айтарлықтай дамиды. 300-ден астам компания Protecting Business and Investments бизнес пен Инвестицияларды қорғау бойынша жоба аясында жұмыс істейді. Олар адал бизнес жүргізу міндеттемесін өзіне алды.

Өскелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды дамыту үшін еліміздің барлық мектептерінде «Адал ұрпақ» клубтары ашылды. Колледждер мен жоғары оқу орындары деңгейінде Академиялық адалдық пен олардың қызметінің айқындылығы қағидаттарын күшейтуге бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасы жүзеге асырылуда.

Оң өзгерістердің бар екендігі сөзсіз. Жеке алғанда, жобалар мен бастамалар ауқымды көрінбейді, бірақ олар қоршаған ортаны және қоғамдық сананы өзгертуші түрінде қалыптасады.

Барлық бастамалар әрбір қазақстандықтың санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар барлық азаматтардың міндеті екенін жеткізуге бағытталған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі 2 қыркүйек 2019  
[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy) (27.04.2020)

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. 2018 жылғы 10 қаңтар  
[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar) (27.04.2020)